

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ**

М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ

«Филология» факультеті

«Журналистика және қазақ тілі» кафедрасы




В042 – Журналистика және репортер ісі білім беру бағдарламасы тобы
бойынша талапкерлерге арналған шығармашылық емтихан
БАҒДАРЛАМАСЫ

Шымкент, 2026 ж.


В042– «Журналистика және репортер ісі» білім беру бағдарламаларының тобы бойынша талапкерлерге арналған шығармашылық емтихан бағдарламасы.

Бағдарлама «Журналистика және қазақ тілі» кафедрасының отырысында қаралған

№ 9 хаттама «23» 04. 2026 ж.

Кафедра меңгерушісі  Г.У. Танабаева

Бағдарлама «Филология» факультетінің әдістемелік комиссиясымен мақұлданған, хаттама № 9 «28» 04 2026ж.

ӘК төрайымы  Рысбаева М.К.

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Шығармашылық емтиханның **мақсаты** – түлектердің шығармашылық қабілетін және шығармашылық бағыттағы В042- «Журналистика және репортер ісі» білім беру бағдарламасының шығармашылық даярлықты талап ететін мамандығына түсетін талапкерлер үшін дайындалды.

Міндеттері: Өтініш беруші жеке тұлғаны барлық жағынан анықтау: моральдық, шығармашылық, кәсіби деңгейін, шығармашылық темпераменттілігін, қиялдың ұтқырлығын, байқаулығы мен көркемділігін, ұсынылған мән-жайларда әрекет қабілеттілігін анықтау.

Шығармашылық емтихан М.Әуезов атындағы ОҚУ В042 «Журналистика және репортер ісі» білім беру бағдарламасы тобы бойынша шығармашылық дайындықты талап ететін түлектерге арналған.

Мазмұны

Кіріспе

Шығармашылық емтиханның мазмұны мен өткізу түрі аталмыш бағдарламаға сәйкес анықталады.

Емтихан тапсыру кезінде үміткер табиғи деректерді, сондай-ақ біліктілік деңгейін және кәсіби деңгейін, көркемдік келбетін көрсетуі керек.

1. Негізгі ережелер

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы, В042-Журналистика және репортер ісі» білім беру бағдарламасы тобы негізінде шығармашылық дайындықты қажет ететін бағытталған мамандық болып табылады.

Шығармашылық емтихандар (бұдан әрі - шығармашылық емтихандар) шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтарға жоғары оқу орындарына түсетін тұлғалар үшін (бұдан әрі - шығармашылық мамандықтар) жүргізіледі.

ЕСКЕРТУ

- Емтиханға кешікпей уақтылы кіру;
- Талапкердің емтиханда өзінің отыруы тиіс;
- Берілген уақытты тиімді пайдалану керек;

2. Шығармашылық емтиханды өткізу кезінде талапкерлер мынадай талаптарды сақтайды:

1. Тыныштық сақтау және өз бетінше жұмыс істеу, емтихан алушымен және басқа талапкерлермен сөйлеспеу;
2. Аудиторияда жүрмеу, басқа орынға отырмау;
3. Шығармашылық емтихан аяқталғанға дейін емтихан алушының рұқсатынсыз емтихан аудиториясынан шықпау.
4. Дәлелсіз себептермен шығармашылық емтиханға келмеген талапкерлер емтихан тапсыруға жіберілмейді.
5. Шығармашылық емтиханға қайта қатысуға және қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.
6. Емтихан жұмыстарын тексеру тек жоғары оқу орнының ғимаратында жүргізіледі.

3. Бірінші емтихан

Шығарма

3.1. Бірінші кезең ұсынылған бірнеше тақырыптың біреуіне шығарма жазудан тұрады. Тақырыптар мектеп бағдарламасындағы нақты бір автордың немесе шығармаға бағытталмаған, еркін тақырыпта. Талапкер 3 сағаттың ішінде таңдаған тақырыбын шығарма етіп жазуы тиіс. Жазған шығармасы тақырыпты ашып, қазіргі таңдағы мәселені айқындап, қоғамдық ойды қамтып, құндылықтар мен өмірлік тәжірибеде қаншалықты орын алғанын, әрі ақыл-ойын аңғартып, журналистикаға деген көзқарасын баяндап, өз сауаттылығын көрсетуі қажет. Бет көлемі 3-6 бет.

3.2 Шығармашылық емтихан шығармасының болжамдық (қосымша өзге де тақырыптар беріледі) тақырыптары:

- Болашақ Қазақстан – жастар қолында
- Цифрлық дәуірдегі журналистика
- Мен үлгі тұтатын тұлға
- Кітап оқитын қоғамның болашағы зор
- Өнер – рухани байлық
- Жастар және жаңа технология
- Ұлттық құндылықтар – ұлт айнасы
- Экологиялық журналистика – қоғам айнасы
- Журналистикадағы жасанды интеллект
- Тіл – ұлттың жаны
- Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі
- Мамандық таңдау – маңызды шешім

3.3 Шығармашылық шығарма төмендегі критерийлер бойынша бағаланады:

Бұл ретте ҰБТ-ның әр пәні бойынша және (немесе) шығармашылық емтиханнан кемінде 5 балл алу қажет.

Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаты бар оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихандар 50 балдық жүйе бойынша бағаланады.

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихан 20 балдық жүйе бойынша бағаланады.

46-50 балл: Тақырыптың жан-жақты әрі терең ашылуы. Танымдық деңгейінің жоғарылығы. Авторлық позициясының көрсетілуі мен пайымдауының дербестігі. Ашылған тақырып пен білім деңгейінің өзара байланысы. Ерекшелігі мен шығармашылық міндеттің орындалуы. Шығарманың толық лингвистикалық бірлігі, композициялық құрылымы,

анықтығы мен ойдың мазмұндылығы. Сөздік қордың кеңдігі мен әр түрлілігі. Жазу нормалараның толықтай сақталуы (қате болмау; немесе бір орфографиялық қате; немесе бір пунктуациялық қате; немесе бір грамматикалық қате рұқсат етіледі). Тақырып ашылған. Мәтіндік құрылымды дұрыс сақтауы, ойды логикалық түрде дамыта алуы. Дербес пайымдауы, авторлық позициясының көрсетілуі. Тақырыпты ашудағы ерекше көзқарасы. Сөздік қордың кеңдігі мен әр түрлілігі. Жазу сауаттылығының жоғары деңгейі (2-3 қате рұқсат етіледі, орфографиялық, пунктуациялық, грамматикалық).

31-45 балл: Баяндау формасының өрбітілетін тақырыпқа сәйкестігі. Құрылымдық және мағыналық логиканың болуы. Сөздік қордың кеңдігі мен әр түрлілігі. Сауаттылығы мен жазу нормаларын жақсы білуі. (екі орфографиялық және екі пунктуациялық қателер; немесе бір орфографиялық қате және үш пунктуациялық қателер; немесе төрт пунктуациялық қателер, бірақ орфографиялық қатенің болмауы; немесе екі грамматикалық қателердің рұқсат етілуі. Тақырыпты үстірт ашу. Ойды мазмұндауда нақтылықтың болмауы. Логиканы бұзу. Сөздердің қайталануы, даяр сөз орамы. Дұрыс ойлау. Сауаттылық деңгейі орташа болуы. (төрт орфографиялық қателер және төрт пунктуациялық қателер; немесе үш орфографиялық және бес пунктуациялық қателер; немесе жеті пунктуациялық қателер, егер орфографиялық қате болмаса; немесе төрт грамматикалық қателер).

6-30 балл: Мазмұнының тақырыпқа сәйкес келмеуі. Тақырыпты ашуда ерекше көзқарастың болмауы. Тіл кедейлігі, стилінің біркелкілігі, құрылымдық аморф, шаблонды ойлау. Сауаттылықтың орташа деңгейі және жазу нормаларын білуі. (төрт орфографиялық қателер және төрт пунктуациялық қателер; немесе үш орфографиялық қателер және бес пунктуациялық қателер; немесе жеті пунктуациялық қателер, егер орфографиялық қате болмайтын болса; немесе төрт грамматикалық қателер).

0-5 балл: Тақырып ашылмаған. Шығармашылық ізденіс элементтері мен құрылымдық және мағыналық логиканың болмауы. Сауаттылық пен жазу нормасының төмен деңгейі. (жеті орфографиялық қателер және жеті пунктуациялық қателер; немесе алты орфографиялық және сегіз пунктуациялық қателер; бес орфографиялық және тоғыз пунктуациялық қателер; немесе сегіз орфографиялық және бес пунктуациялық қателер; немесе тоғыз пунктуациялық қателер; немесе жеті грамматикалық қателер).

1. Екінші емтихан

Кәсіби жарамдылығын айқындау үшін әңгімелесу

4.1. Екінші кезең талапкердің коммуникативті мәдениетін, мамандыққа деген қырын байқау мақсатында әңгімелесу түрінде өтеді. Талапкермен әңгімелесу барысында ол замануи бұқаралық ақпарат құралдарының дамуына және журналисттің міндетіне байланысты бірнеше сұрақтарға жауап беруі керек; саясат деректер, тарих, мәдениет, қоғамдық өмір жайлы өз ойын білдіру; өз қызығушылығы туралы бөлісу; бейнелі және қауымдастық ойлау қабілетін көрсету.

Әңгімелесу барысында талапкер өзінің жетістіктерін дәлелдейтін құжаттары салынған портфолио дайындауы қажет (пәндерді оқудан мақтау

қағазы, шығармашылық жетістіктер, пікірсайыстан, көркем шығармашылықтан, БАҚ немесе мектепте шыққан басылымдар және т.б).

Әңгімелесу мақсаты:

- Мамандыққа деген уәждемесі мен саналы таңдауы;
- Талапкердің әлеуметтік бағдары;
- БАҚ саласындағы бағдары;
- Жалпымәдени даму деңгейі, ой-өрісінің деңгейі;
- Талапкердің қызығушылық айналасы;
- Болашақ мамандыққа қажетті қасиеттер;
- Азаматтық ұстанымының белсенділігі.

Әңгімелесу барысында қабылданушыға:

- Мамандықты қаншалықты саналы таңдауын анықтайтын сұрақтар;
- талапкердің саяси-қоғамдық мәселелерден қаншалықты хабардар екенін, бұқаралық ақпарат құралдарын ажыратуы мен дербес пайымдауын анықтайтын сұрақтар;
- талапкердің жалпы пәндерден: тарих, география, мәдениет, экономика, құқық салаларынан білімін тексеретін, өз ойын қорыта білуін анықтайтын сұрақтар;
- талапкердің қызығушылық ортасы мен ой-өрісін анықтайтын сұрақтар;
- тұлғаның психологиялық деңгейін, байқампаздығын, байланыс орта алуын, талдап ойлау қабілетін анықтайтын сұрақтар.
- елде және аймақтағы қоғамдық мәселерден хабардар екенін анықтайтын сұрақтар.

4.2. Шығармашылық әңгімелесу кезінде қойылуы мүмкін сұрақтар құрылымы:

1. Заманауи қоғамдағы БАҚ-тың рөлі қандай?
2. Журналистика мен саясат өзара қалай байланысты?
3. Заманауи қазақ журналистикасының ерекшелігі (баспасөз, радио, теледидар, ғаламтор).
4. Көркем-публицистикалық жанрлар.
5. Ақпараттық жанрдың түрлері.
6. Журналист имиджі: бұл не және қалай қалыптасады?
7. Журналист шығармашылығы (қазіргі таңдағы бір журналисттің шығармашылығының ерекшелігі).
8. Заманауи қазақ жарнамасының ерекшелігі (баспасөздегі жарнама, радиодағы, теледидардағы, ғаламтордағы).
9. Әлемдік мәдениеттен қандай жауһарларды білесіз (әдебиет, музыка, сурет өнері және т.б.)
10. Қандай әлемдік көркемдік әдебиет сізге ұнады? Неліктен?
11. Қазақ әдебиетінің дамуына үлкен үлес қосқан жазушылар кімдер?
12. Ғаламтордың мүмкіншіліктері.
13. Сіз қандай әлеуметтік желіде тіркелгенсіз және қандай мақсатпен?
14. Қазақстандағы әдебиет, мәдениет, өнер қайраткерлері туралы пікіріңіз.
15. Бос уақытта немен шұғылданасыз?

16. Жарнаманың пайдасы мен зияны.
17. Журналистика қандай ғылым салаларымен байланысты?
18. Журналистика және әдебиет.
19. Интернет-журналистика ұғымы.
20. Қазақтан шыққан атақты журналистер.
21. Журналист болу үшін жеке адамның бойында қандай қасиеттер болу керек деп ойлайсыз?
22. Журналистиканың бүгіні мен болашағы туралы.
23. «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі» дегенді қалай түсінуге болады?
24. Әлемдегі журналистиканың қазіргі орны.
25. «Төртінші билік» деп аталған журналистика қазіргі қоғамдық сананың алға жылжуына әсер ететін жетекші күшке ие дегенге сіздің ойыңыз.
26. «Тәуелсіз журналистика» ұғымы.
27. Журналистің құқықтары мен негізгі міндеттері туралы.
28. Баспасөздегі корреспонденция.
29. Қазақ баспасөзі қай уақыт аралығында қалыптасты?
30. Журналистика және ақпарат.
31. Қазақстандағы журналистика.
32. Журналист
33. Спорт журналистикасы.
34. Радиожурналистика.
35. Алғашқы газеттер.
36. Бүгінгі басылымдардағы сұқбат.
37. «Стиль» сөзінің мағынасы
38. Стильдің түрлері.
39. Ғылыми стиль.
40. Қазіргі қазақ журналистикасының деңгейі.
41. БАҚ аудиториясы.
42. Журналистік шеберлік.
43. Журналистиканың принциптері мен ұстанымдары.
44. Ресми-іскерлік стиль.
45. Қазіргі Қазақ радиосы.
46. Баспасөз бен радионың байланысы.
47. Баспасөздегі очерк.
48. Цифрлы журналистика дегенді қалай түсінесіз? Сіздің пікіріңіз.
49. Журналистика мамандығындағы ақпарат қауіпсіздігі туралы түсінігіңіз.
50. Медиа нарықтағы танымал журналистер.
51. Журналистика мамандығында ақпаратты жедел жеткізу қажет пе? Сіздің пікіріңіз.
52. Қазіргі таңда тек журналистер ғана емес, блогерлерге де ақпарат таратады. Оларға журналистік статус беру керек пе, жоқ па деген мәселе туралы Сіздің көзқарасыңыз.
53. Пікірталас.
54. Сіздің түсінігіңізде журналистік этика деген не?
55. Журналист болу үшін
56. Журналист – ой адамы дегенді қалай түсінесіз?

57. Сатиралық жанрлар.
58. Журналистика мамандығының өзге мамандықтан айырмашылығы.
59. Журналистке қандай қасиет тән?
60. Журналистика мамандығының өзіндік ұстанымдары.
61. Журналистика өте жауапты мамандық.
62. Журналист жансызға жан, ойсызға түйсік бітіреді.
63. Ақпарат әлемі шетсіз, шексіз мұхит.
64. Журналистің негізгі ұстанатын қағидалары.
65. Публицистикалық стиль.
66. Сөйлеу мәдениеті.
67. Журналистің жазбаша және ауызша сөзінің нормалары.
68. Журналистің сөйлеу этикасы.
69. Телевизиядағы сөйлеу мәдениеті.
70. Қазақ радиосы.
71. Электронды БАҚ-тың ерекшелігі.
72. Журналистика саласының қоғаммен байланысы
73. Қоғамдық пікір қалыптастырудағы журналистің рөлі.
74. Бұқаралық ақпарат құралдарының түрлері.
75. Журналистикадағы имидж.
76. Бұқаралық ақпарат құралдарының басымдылықтары мен кемшіліктері.
77. Баспасөз хабарламаларын даярлау.
78. Жарнаманың қоғамдағы рөлі.
79. Журналистика саласындағы PR қызметі.
80. Баспасөз және журналистік қызмет.
81. Журналист шығармашылығы.
82. БАҚ даму тарихы туралы.
83. БАҚ жүйесінің ашықтығы.

4.3. Кәсіби жарамдылығын айқындау үшін әңгімелесу келесі критерийлер бойынша бағаланады:

46-50 балл: Өз ойын еркін жеткізу, ой өрісінің кеңдігі, ойын анық жеткізу, сөйлеу мәнерінің деңгейі жоғары. Логикалық ойлау және қорытынды жасай білу. Қазіргі БАҚ жайында толық ақпаратқа ие болу. Газет және теле-радио бағдарламаларының мәтіне сараптама жасай білу. Өз шығармаларын БАҚ бетінде жариялау. Сөйлеу мәнерінің деңгейі жоғары, соған сәйкес мәтін құрау қабілеттілігі. Қазіргі БАҚ жайында толық ақпараттану. Газет және теле-радио бағдарламаларының мәтіне сараптама жасай білу. Мамандыққа деген қызығушылығы.

31-45 балл: Сөйлеу мәнерінің деңгейі жоғары. Қазіргі БАҚ жайында толық ақпараттану. Өз ойын еркін жеткізу. Жалпы білімділік. Газет және теле-радио бағдарламаларының мәтіне сараптама жасай білу. Орта деңгейдегі сөйлеу мәнері. Сөздік қордың жұтаңдылығы. Белгілі бір оқиғаға баға бере алмау. Ойлау қабілетінің баяулылығы. Журналистика жайында білімінің жетіспеушілігі. Газет және теле-радио бағдарламаларының мәтіне сараптама жасай білу.

6-30 балл: Орта деңгейдегі сөйлеу мәнері. Ойлау қаблетінің баяулылығы. Қазіргі БАҚ жайында білімінің таяздығы. Газет және теле-радио бағдарламаларының мәтіне сараптама жасай білмеу.

0-5 балл: Төмен деңгейдегі сөйлеу мәнері. Логикалық ойлай алмау, өз ойын жеткізе білмеу. Қорытынды жасай алмау. Шығармашылық жұмысының барысын білмеу, дүниетаным шеңберінің тарлығы. Медиа сауаттылығының төмен деңгейі. Қойылған сұраққа дұрыс жауап бермеу.

4.4. Портфолио (8-10 бет) немесе бейнерепортаж (1-2 минут еркін тақырыпта) әзірлеу

Ескерту:

- портфолио жеке файлдық папкада А4 форматты қағазға шығарылуы тиіс;
- бейнерепортажды алдын ала әзірлеп электронды нұсқада талапкер өзімен бірге емтиханға алып келуі керек.

2. Қысқартылған оқу түрі бойынша

Республикалық бюджет немесежергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсынақатысужәне (немесе) ақылы оқуға қабылдау үшін қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсушілерді қоспағанда, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар, ҰБТ – дан өткен және оның нәтижелері бойынша кемінде 5 балл жинаған адамдар жіберіледі.

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша шығармашылық дайындықты талап ететін, жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының тобына түсуші адамдар үшін арнайы пәннен балдары ескеріледі.

5.1. Кәсіби жарамдылығын айқындау үшін әңгімелесу келесі критерийлер бойынша бағаланады:

20 балл: Өз ойын еркін жеткізу, ой өрісінің кеңдігі, ойын анық жеткізу, сөйлеу мәнерінің деңгейі жоғары. Логикалық ойлау және қорытынды жасай білу. Қазіргі БАҚ жайында толық ақпаратқа ие болу. Газет және теле-радио бағдарламаларының мәтіне сараптама жасай білу. Өз шығармаларын БАҚ бетінде жариялау. Сөйлеу мәнерінің деңгейіжоғары, соған сәйкес мәтін құрау қабілеттілігі. Қазіргі БАҚ жайында толық ақпараттану. Газет және теле-радио бағдарламаларының мәтіне сараптама жасай білу. Мамандыққа деген қызығушылығы.

15-19 балл: Сөйлеу мәнерінің деңгейі жоғары. Қазіргі БАҚ жайында толық ақпараттану. Өз ойын еркін жеткізу. Жалпы білімділік. Газет және теле-радио бағдарламаларының мәтіне сараптама жасай білу. Орта деңгейдегі сөйлеу мәнері. Сөздік қордың жұтандылығы. Белгілі бір оқиғаға баға бере алмау. Ойлау қабілетінің баяулылығы. Журналистика жайында білімінің

жетіспеушілігі. Газет және теле-радио бағдарламаларының мәтіне сараптама жасай білу.

6-14 балл: Орта деңгейдегі сөйлеу мәнері. Ойлау қабілетінің баяулылығы. Қазіргі БАҚ жайында білімінің таяздығы. Газет және теле-радио бағдарламаларының мәтіне сараптама жасай білмеу.

0-5 балл: Төмен деңгейдегі сөйлеу мәнері. Логикалық ойлай алмау, өз ойын жеткізе білмеу. Қорытынды жасай алмау. Шығармашылық жұмысының барысын білмеу, дүниетаным шеңберінің тарлығы. Медиа сауаттылығының төмен деңгейі. Қойылған сұраққа дұрыс жауап бермеу.

Әдебиеттер

Негізгі:

1. Бекниязов Т. Журналистің шығармашылық шеберлігі.—Алматы: 2018. -312б.
2. Атабаев Қ. Қазақ баспасөзі – Қазақстан тарихының дерек көзі. –Алматы: 2015. -167б.
3. Жақсылықбаева Р.С. Журналистің мәтін жазу машығы. – Алматы: Рауан, 2018. -204б.
4. Қожакеев Т. Жыл құстары. – Алматы: Қазақстан.2011. -190б.
5. Қозыбаев С. Әлем баспасөзі тарихынан. / С. Қозыбаев, А. Рамазанова, Қ. Аллаберген. –Алматы: Санат, 2014. – 300 б.
6. Қабылғазина К. Қазақ телевизиясының тарихы. Алматы, 2018. -222б.
7. Ошанова О.Ж. Журналистің сөйлеу мәдениеті: Оқу құралы. – Алматы:Қазақ университеті, 2015. – 152 б.
8. Медеубекұлы С. Басылымды редакторлық әзірлеу ерекшеліктері. Алматы, 2018. 204б.
9. Бекболатұлы Ж., Асқаров Н. Стилистика және редакциялау. Алматы, 2019. 178б.
10. Ибраева Г. Шетел журналистикасы. Алматы, 2018. 350б.
11. Жақып Б. Публицистика негіздері. Алматы, 2018, 317б.
12. Молдабекова Ә. Ә. Телередактор шеберлігі. Алматы, 2017. 128б.
13. Дудинова Е.И. Этика журналистика. Алматы, 2016. 267б.
14. Әбдірайымұлы А. Фотожурналистика. Алматы, 2016. 118б.
15. Омарова Б.Ә. баспа-редакциялық үдерістердің технологиясы. Алматы, 2016. 68б.
16. Сұлтанбаева Г.С., Әлімжанова А.Б. Мультимедиалық журналистика. Алматы, 2016. 126б.
17. Шыңғысова Н.Т. Өңірлік мерзімді баспасөздің менеджменті және маркетингі. Алматы, 2015ж. 303б.
18. Қамзин К. Публицистика жанрларының эволюциясы. Алматы, 2015. 425б.

Қосымша:

1. Қ.Аллаберген «Қазақ журналистикасының тарихы» А.,1996. -167б.
2. Қазақ журналистикасы. 3 томдық. 1-т.: Қазақ баспасөзі.- Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2008. – 352 б.
3. Қазақстан журналистерінің тәжірибесінен: Тәжірибелік нұсқаулық./Ауд. Ш.Әлжанова.- Алматы, 2008.- 434 б.

4. Манаш Қозыбаев. Энциклопедия. / Бас ред. С.Өмірбаев., автор- құраст. Т.Шаңбай, А. Ибраева.- Петропавл, 2017. – 712 б.
5. Тайшыбай З.С. Қазақстанның солтүстігіндегі қазақ газеттерінің тарихынан: оқу құралы.- Петропавл: М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, 2013.- 174 б.
6. Есенбекова Ұ.М. Тележурналистика: телехабар жасау технологиясы:Журналистика мамандықтарына арналған оқулық. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011. – 220 б.
7. Бижан Ж. Журналист шығармашылығындағы жаңа инновациялық технологиялар. Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2013. – 208 б.
8. Султанбаева Г.С. Интернет журналистика. Алматы, 2015. 188б.
9. Мектептегі А.Қ. Көсемсөздің көсемі. Алматы, 2015. 349б.
10. Шыңғысова Н.Т. PR теориясы мен практикасы. Алматы, 2015. 85б.
11. Әбдиева Р.С. кітап ісінің мәдениеті мен этикасы. Алматы, 2014. 260б.
12. Қабылғазы К. Радиожурналистика. Алматы, 2014. 258б.
13. Медеубекұлы С. Басылымды редакторлық даярлау. Алматы, 2014. 176б.
14. Сұлтанбаева Г.С. Бұқаралық коммуникацияның негіздері мен тәжірибесі. Алматы, 2014. 340.